**2016 жылы Уәлиханов ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы N 353 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда N 3584 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 мамырдағы N 113 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 24.05.2016 N 113 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы Уәлиханов ауданында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. 2016 жылға арналған (бұдан әр - Тізбе), қаржыландыру көздері және қоса берілген қоғамдық жұмыс көлемі, түрлері, ұйымдар Тізбесі қаулының № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізбеге сәйкес қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды жіберуді жүзеге асырсын.

4. Қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс анықталсын:

жұмыс орын қажеттілігіне өтінім бергендер санында - 170 адам;

жұмыс орын қажеттілігі бекітілгендер санында – 170 адам.

5. Қоғамдық қызметкерлердің жалақысы "2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес, ең төменгі жалақы көлемінде орнатылсын. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

6. Қоғамдық жұмыстардың шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленеді: аптасына 5 жұмыс күнімен және екі демалыс күндерімен (сенбі, жексенбі), сегіз сағаттық жұмыс күнімен, түскі

үзіліс 1 сағат ұзақтығымен, жұмыс беруші мен қызметкер арасында жасалатын еңбек шарттарына сүйене отырып, еңбек шартымен қарастырылған, жұмыс уақытының икемді нысаны қолданылады. Жылдың суық мезгілінде ашық ауада немесе жабық жылытылмайтын бөлмелерде жұмыс істейтін, сонымен қатар, тиеу–түсіру жұмыстарында жұмыс істейтін қызметкерлерге жұмыс уақытына кіретін демалу және жылыну үшін арнайы үзіліс беріледі. Жұмыс беруші жұмысшылардың демалуы және жылынуы үшін бөлмені жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*
*Уәлиханов ауданының әкімі* — *А. Төрегелдин*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*"Қазақстан Республикасы*
*Әділет министірлігі*
*Солтүстік Қазақстан облысы* — *Сағадиева А.*
*Әділет департаменті*
*Уәлиханов ауданы*
*Әділет басқармасы"*
*2015 жыл 28 желтоқсан*

*Солтүстік Казақстан облысының*
*Уәлиханов ауданының соты* — *Әлжанов К.*
*2015 жыл 28 желтоқсан*

Солтүстік Қазақстан облысының
Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
28 желтоқсанда бекітілген № 353
қаулысының қосымшасы

## 2016 жылға арналған қаржыландыру көзі және қоғамдық жұмыс көлемдері, түрлері, ұйымдар тізбесі

| № р/с | Ұйымдардың атауы | Қоғамдық жұмыс түрлері | Жұмыс көлемі | адам саны | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Ақтүйесай ауылдық округі әкімінің аппараты" | 1. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау , ағаштарды отырғызу-25 дана, 5 гүлзар егу. | 16 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік мекемесі | | | | Аудандық бюджет |
| 2 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның кітапхана мен клубтарға отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп , түсіруге көмек көрсету | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна азық дайындау. | 1 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау ағаштарды отырғызу-20 дана, 3 гүлзар егу, 2 ана ескерткішті ақтау, сылау. | 10 | Аудандық бюджет |
| 3 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Бидайық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек өрсету | көшелерді тазалау -400 шаршы метр, 3 гүлзар егу, ағаштарды отырғызу-20 дана, ағаштарды ақтау – 45 дана, 2 дана ескерткішті ақтау, сырлау, сылау. | 16 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | Су жүргізетін трубаларды тазарту, су ағып өту үшін ор қазу, жалғызбасты азаматтардың үйлерін қардан тазарту. | 2 | Аудандық бюджет |
| | | 3. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна азық дайындау. | 2 | Аудандық бюджет |
| | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов | 1. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна азық дайындау | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | ауданы "Қаратерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | | | Аудандық бюджет |
| | | 2. Аймақты абаттандыру мен көғалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 20 дана, арам шөпті жұлу 320 шаршы метр. 2 дана ескерткішті ақтау, сырлау, сылау. | 6 | Аудандық бюджет |
| | | 3. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | аулдардың аралығындағы бекеттің трубалардың қарын тазалау, мұздарын ойып, көктемгі су тасқынына жұмыстар жүргізу, жалғызбасты азаматтардың үйлерін қардан тазарту | 2 | Аудандық бюджет |
| 5 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Қайрат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | аулдардың аралығындағы бекеттің трубалардың қарын тазалау, мұздарын ойып, көктемгі су тасқынына жұмыстар жүргізу, жалғызбасты азаматтардың үйлерін қардан тазарту | 3 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Аймақты абаттандыру мен көғалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 25 дана, арам шөпті жұлу 200 шаршы метр. 2 дана ескерткішті ақтау, сырлау, сылау. | 5 | Аудандық бюджет |
| | | 3. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 15 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 10 тонна азық дайындау | 3 | Аудандық бюджет |
| 6 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" | 1. Аймақты абаттандыру мен көғалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 10 дана, арам шөпті жұлу 250 шаршы метр. 2 дана ескерткішті ақтау, сырлау, сылау. | 4 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік мекемесі | коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 20 текше метр отын дайындау, 35 тонна көмір түсіру. | 2 | Аудандық бюджет |
| 7 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Көктерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 15 дана, арам шөпті жұлу 300 шаршы метр. | 12 | Аудандық бюджет |
| 8 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Құлыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | Аулдардың аралығындағы бекекттің трубалардың қарын тазалау, мұздарын ойып, көктемгі су тасқынына жұмыстар жүргізу, жалғызбасты азаматтардың үйлерін қардан тазарту | 2 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 30 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 30 дана, арам шөпті жұлу 450 шаршы метр. | 10 | Аудандық бюджет |
| 9 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Телжан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 30 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 55 дана, арам шөпті жұлу 200 шаршы метр. | 10 | Аудандық бюджет |
| | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Ақбулақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | көшелерді тазалау, ағаштарды отырғызу - 25 дана, 2 гүлзар егу, ағаштарды ақтау 35 дана, арам шөпті жұлу 300 шаршы метр. | 12 | аудандық бюджет |
| | | 2. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның | 25 текше метр отын дайындау, 35 тонна көмір түсіру, қосалқы | 3 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | | әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | шаруашылық үшін 18 тонна азық дайындау | | Аудандық бюджет |
| 11 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1 Аймақты абаттандыру мен көгалдандыруға көмек көрсету | Орталық аланды, көшелерді тазалау 69800 шаршы метр, ескерткішті аумағын 3790 шаршы метр тазалау, 2 дана ескерткішті жарым-жарты ақтау, сырлау, сылау, ескерткіштің дуалдарың жөндеу 100 шаршы метр, көшенің діңгектерейң ағарту 140 дана, гүлзар егу, ағаштарды отырғызу-25 дана, арам шөпті жұлу. Ағаштарды ақтау 100 дана. | 38 | Аудандық бюджет |
| | | 2 Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға ( әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік – мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 150 текше метр отын дайындау, 180 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 70 тонна азық дайындау. | 2 | Аудандық бюджет |
| | | 3 Зираттарды абаттандыруға көмек көрсету | 3 зират – 200 шаршы метр | 2 | Аудандық бюджет |
| | | 4.Үй шаруашылығы санағына және шаруашылығы санағына және шаруашылық кітабын толтыруға көмек көрсету | 1886 аула. 110 шаруашылық кітап | 3 | Аудандық бюджет |
| 12 | Солтүстік Казақстан облысының Уәлиханов ауданының соты | Сот актілерінің орындалуының тиімділігін жетілдіру үшін көмек көрсету. | түскен құжаттамаларды сұрыптау, желімдеу және тігу. | 1 | Аудандық бюджет |
| | "Қазақстан Республикасы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Әділет министірлігі Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаменті Уәлиханов ауданы Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Мұрағаттық іс жүргізу, мұрағаттық істерді қалыптастыру, құжаттарды сақтауға өңдеу және дайындауға көмек көрсету | 1000 іс (түскен құжаттамаларды сұрыптау, желімдеу және тігу) | 2 | Аудандық бюджет |
| | | Барлығы | | 170 | |

Солтүстік Қазақстан облысының
Уәлиханов ауданы әкімдігінің

## Қоғамдық жұмыстарға жұмылдырылған жұмыссыздардың еңбекақы мөлшері және жұмыс тәртібі

| № р/с | Жұмыс түрлері | Бір жұмыссызға еңбек ақытөлемінің мөлшері | 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 353 қаулысымен |
|---|---|---|---|
| | | | 5 апта жұмыс күні |
| 1 | Ашық ауада және қол күшінің салмағына байланысты жұмыстар (абаттандыру, қаланы тазалау, құрылыс және жөндеу жұмыстары) | 1 ең төменгі еңбекақы төлемі | жұмыс аптасы 40 сағат |
| | | | Жұмыс күні 8 сағат |
| 2 | Дене күшінің салмағына байланысты емес және ғимараттың ішінде орындалатын жұмыстар | 1 ең төменгі еңбекақы төлемі | жұмыс аптасы 40 сағат |
| | | | Жұмыс күні 8 сағат |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК